

Конституция мемлекеттің қоғамдық-саяси жүйесін айқындайды. Әлемдегі көптеген елдер конституцияларының көбінесе алғашқы баптарының өзінде-ақ қысқаша түрде сол мемлекеттің мәні, ондағы биліктің қайнар көзі болып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, оларға мемлекеттің көпшілігі анықталды. Ата Заңымызды қабылдау арқылы Қазақстан бүкіл әлемдік көңістікке батыл еніп, қазіргі күні дүниежүзілік жаһандану үдерістерінің белсенді мүшесіне айналып отырғандығы баршамызға айғақ.

Сәкен МӘЖІНБЕКОВ,
М. Әуезов атындағы
ОҚМУ-дың «Халықаралық
қатынастар және саясаттану»
кафедрасының меңгерушісі



ген тәуелсіз сот жүйесі қалыптасты. Нақты 100 қадам реформасы бойынша елімізде істердің сот сатыларынан өтуінің жаңа тәртібі енгізілді, ол іс жүргізуді оңтайландыруға және жеделдетуге бағытталған.

Құқық қорғау органдарының, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің, адвокатураның, нотариаттың және басқа да құқық қорғау институттарының қызметі адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған. Қарулы күштер және ұлттық қауіпсіздік органдары ел егемендігін күзетуде.

Мемлекет басшысы еліміздің дамуының стратегі өрі дем берушісі, Конституцияның мығымдығының, халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының келісіп жұмыс істеуінің және олардың халық алдындағы жауапкершілігінің нышаны өрі кепілі болып табылады.

Азаттығымыздың айғағы

Құқық үстемдігі, Конституцияның ұлықтығы, заңның билігі, ті-

Ата заң – тұрақтылық кепілі

Екі рет түлеген бас құжат

Конституция ең алдымен көпұлтты Қазақстан азаматтарының өзара теңдігін қамтамасыз етіп, олардың мемлекет пен қоғамдағы алаң-орын айқындайды, міндеттері мен құқықтарын белгіледі. Ата Заңымызда мемлекеттік биліктің негізі сараланып, заң шығару, атқару, сот жүйелері көрсетілген. Осы арқылы Конституция Қазақстанның әлемдік демократиялық үрдістерден алатын орнын белгілеп берді.

Әрбір мемлекет өзінің даму барысында өз халқының тарихына, салт-дәстүріне, саяси мәдениетінің деңгейіне және ең бастысы, менталитетіне неғұрлым толық сөйкес келетін саяси жүйе мен Конституцияның үлгісін таңдайды. Әрбір мемлекет өзінің дамуында Конституцияны қабылдау және оны елдің ең басты құжаты ретінде қалыптастыру кезеңін бастан көшеді.

Биыл еліміз Негізгі Заңымыздың қабылдануының жиырма бір жылдығын мерекелеуде. Бүкілхалықтық маңызы бар актіге айналған Конституцияның қағидалары мен нормаларына бұлжытпай сүйене отырып, Қазақстан осы жылдар ішінде орасан табысқа қол жеткізді. Ата Заңымызда 1995 жылғы 30 тамызда елдің конституциялық саясатының негіздері айқындалып, ол уақыт талабына орай бірқатар өзгерістерге ұшырап, оларды жүзеге асырудың тиімді жолдары нақтыланды.

Жалпы «Конституция» деген сөздің аудармасы «бір нәрсені орнатамын, болмаса бекітемін» дегенді білдіреді. Ол қандай да бір қоғамда, мемлекетте болсын оның негізгі қағидалары, негізгі заңдарын орнататын құжат болып есептеледі. Мысалы, Ежелгі Рим мемлекетінде императорлардың шығарған заңдарын конституция деп атаса, Біздің тарихтар толғауы Есім ханның ескі жолы, Қасымханның қасқа жолы, өз-Тәуке ханның Жеті жарғысы атаған. Жалпы Конституция – бұл халықаралық термин.

Одан кейінгі дәуірлерде де сол қоғамдағы таптардың жағдайын бекітетін заңдарға Консти-

туция деген атау берген». ҚСРО тарихында конституция 3 рет, ал Тәуелсіз Қазақстанда 2 рет қабылданды. Оның басты өрешелігіне тоқталсақ.

1995 жылы қабылданған Конституцияның өзіне өзгерістер енгізілді. Оның жобасын дайындауға осы уақытқа дейі біздің еліміздің бірегей заңгер ғалымдары атсалысты. Олардың қатарында Академиктер Салық Зиманов, Сұлтан Сәдуақасов, Ғайрат Сапарғалиев, Кемелхан Шайбеков, Игорь Рогов ж.б. ғалымдардың еңбектері елеулі. Себебі олар көптеген конституцияларды қарап, баралап шыққан. Және олардың жетістіктерін, жақсы жақтарын біздің заң шығарушы органдарға ұсынып, заңдылығы жағынан қарастырып, дайындауды тапсырған болатын. Соның нәтижесінде 1995 жылы Конституциямыз қабылданды.

Елбасы және Ата заң

Біздің Конституциямыз әлемде тұрақты конституциялар қатарына жатқызылды. Бұл Конституция – іс жүзінде үлкен еңбекпен келген еліміздің негізгі құжаты. Білесіздер, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі ең үлкен құжат – 1991 жылы 16 желтоқсанда қабылданған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық заң. Сондай-ақ 1990 жылы 25 қазанда Қазақстан Жоғары Кеңесі егемендік туралы декларация қабылдады. Мінеки, сол екі құжаттың негізінде кейінгі бүкіл құжаттар өмірге келіп жатыр.

БҰҰ-ның 1948 жылы 10 желтоқсанда қабылданған адам құқықтарының жалпыға ортақ дейтін құжаты бар. Бұл құжат адам құқықтарын, бостандықтарын баян етеді. Біздің Конституциямызда да сондағы басты қағидалардың барлығы бар.

Қазақстан Конституциясы – бұл заң қарпінде өрнектелген жалпы ұлттық идея. Ол біздің ата-бабаларымыздың көптеген ұрпақтарының азаттық және өз тағдырын өзі шешу мүмкіндігі туралы, билік барша халықтың мүддесіне қызмет ететін мемлекет туралы, бүкіл әлемге белгілі өрі құрметтелетін тәуелсіз ел туралы армандарының осы за-

манғы құқықтық түсініктерін бейнеледі.

Республика Конституциясының кезекті мерекелі жылына қазақстандықтар өмірдің барлық саласындағы жоғары табыстар мен қарсы алып отыр. Ендеше халқымыздың осы саяси, экономикалық және де салалардағы табыстарында, сондай-ақ мемлекеттің әлеуметтік саласын жаңғыртуда Конституцияның бүгінгі рөлі жоғары деңгейде бағалануда.

Мемлекет басшысы – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарынан-ақ ұстанып отырған Конституцияның әлеуетін өмірдің барлық саласында мейлінше жүзеге асырылуын қамтамасыз ету арқасында республикамыз әлемдегі қарқынды дамып отырған елдердің біріне айналды.

Еш күмәнсіз – Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі заңды деп танылуына Негізгі Заң іргетас болды. Мемлекеттік билік органдарының, қоғамдық институттар мен азаматтардың қызметі, еліміздің жетістіктері, бейбіт те тыныш өміріміз, ертеңгі күнге деген сеніміміз, Қазақстанның халықаралық аренадағы беделінің артуы Конституция белгілеген құқықтық негіздерге сүйенеді. Біздің жетістіктеріміз Негізгі Заңның авторы – халықтың қалауы іске асырылғанының жарқын айғағы.

Көп мемлекеттердің, солардың ішінде Қазақстанның да Конституциясы адамның өмір сүру құқығын асқан құндылық ретінде таниды. Шын мәнінде ол демократиялық қоғамдағы басты меже, құқықтар мен бостандықтар институтының өлшемі болып табылады. Өзінің көң мағынасында өмір сүру құқығы – бұл адамның өмір сүруге, оның өмірін ешкім өз бетімен қимауына ғана құқығы емес, оның еркін, бейбіт те лайықты өмір сүруіне де құқығы. Кезінде Аристотель мемлекет өмір сүруге мүмкіндікті қамтамасыз ету үшін емес, көбіне, бақытты өмір сүруге мүмкіндікті қамтамасыз ету үшін құрылады деген болатын.

Негізгі Заңды құрметтеу, конституционализм идеялары мен қағидаларын басшылыққа алу Қазақстанда тәуелсіздіктің алғашқы күнінен-ақ мемлекеттік

саясат деңгейіне шығарылды деп айту өбден негізді. Мұндай ұстаным әрқашанда алдымызға бйік мақсаттар қойып, өркендетті жолмен соған жетуге мүмкіндік беріп келеді.

Еліміз әлеуметтік бағытталған нарықтық экономика жолымен дамуға бағытталуда. Ұзақ мерзімді бағдарламалық құжаттар – Қазақстан-2050, Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы, Қазақстанның 2020 жылға дейінгі дамуының стратегиялық бағдарламасы, 2020 жылға дейінгі Құқықтық саясат тұжырымдамасы, бес институционалды реформасы аясындағы 100 нақты қадам сәттіліктен іске асырылуда.

Қос палаталы Парламент уақыт сынынан сүрінбей өтіп, елімізде іске асырылып жатқан қайта өзгертулердің заңнамалық локомотивіне айналды.

«Қазақстан-2050» Стратегиясына сөйкес мемлекеттік қызметте үлкен реформа жасалды. Бірнеше сатыдан тұратын конкурстық негізде «А» корпусы қалыптасты. Бұлар жоғары деңгейлі кәсіпқой мемлекеттік қызметкерлер болып табылады.

Қазақстанның 2050 стратегиясында Президенттің тапсырмасына сөйкес жуырда елімізде алғаш рет ауыл және кент өкімдерін сайлау жүзеге асты. Өкімдердің рөлі артып, бюджет беру жүйесі іске асырылады. Елбасы жаңа сайланған өкімдерге үндеу арнады, онда өкімдер сайлауының өтуі демократиялық үрдістердің дамуына қосылған үлес ретінде бағалап, сайланған өкімдердің жұмысына сенім білдірді. Бес институционалды реформа аясында Қазақстан Республикасындағы демократиялық институттардың қоғам өмірінде төрөңдей түсуіне жергілікті өкімдердің сайлауы партиялық тізіммен болса сайланушылардың жауапкершілігі арта түсер еді.

Әлем экономикасындағы дағдарыс пен басқа да қолайсыз жағдайлар қатар келіп отырған кезеңде, мемлекеттілік қалыптасуының күрделі жағдайында атқарушы билік органдары өзін-өзі біліктілігі мен кәсібилігін дәлелдеп, қазір де көрсетіп келеді. Сот ісін жүргізудің тиімді нысандарын бойына сіңір-

келеі айтқанда – тиімді заңның билігі – бүгінгі таңда Қазақстанның ондағыдай дамуының және жаһанданған әлемде өзін лайықты көрсете білуінің бірден-бір шарты. Құқықтық мемлекетте бұл қағидалар бірінші кезекте мемлекеттік органдарға қаратылған. Құқық үстемдігі күнделікті өмірдің бір бөлшегінде құқықтық санамызға мықтап ұялауы, тіпті, мемлекеттік идеологияға айналуы тиіс.

Осындай жетістіктеріміз бен еңсерген еңбектеріміздің еш кетпеуі – далалық тарихымыздың тамырынан нәр алып, бүкіл халық болып қабылдаған Ата Заңымызды бағдарлам етіп ұстауымыздың нәтижесінде екендігі даусыз. Ол – ақиқат. «Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, өз-Тәуке ханның «Жеті жарғысы» деп, солардан бастау алған Конституциямыз халыққа мінсіз қызмет етіп келеді. Құқықтық мемлекет қоғаммен, азаматтық қоғаммен қабаттасып қана өмір сүре алады. Өз кезегінде азаматтық қоғам құқықтық мемлекет болмаған жерде толыққанды дами алмайды. Сондықтан бәріміз де, бірінші кезекте мемлекеттік қызметшілер, Негізгі Заңның әрбір қағидасы мен әр сөзіне жауап беретін конституциялық тағылым қалыптасуы үшін қажетті барлық жағдайды жасауымыз, конституциялық нормалардың күнделікті іске асырылып, бірізділікпен қолданылуын қамтамасыз етуге тиіспіз.

Конституцияны қатаң ұстану – бұл мемлекеттіліктің табысты дамуының және қоғамдағы азаматтық келісімнің негізі. Ол бойынша өмір сүру – бұл демократияның ең жоғарғы мектебі. Бұл мектептен барлығымыз өтуге тиіспіз. Біздің міндет – Конституцияға аса ұқыптылықпен қарау. Өзіміздің елімізді, өзіміздің тарихымызды, өзіміздің жетістіктерімізді құрметтесе, оны да солай аялауымыз керек. Конституцияны сыйлай білмесек, оның талаптарын мүлтіксіз орындай алмасак, онда қоғамдық келісімге, төртпке, бейбітшілікке және тыныштыққа жету мүмкін болмайды, яғни мұндай жағдайда Отанның ырыс-бөрекелі болашағы туралы айтудың да қажеті жоқ.